

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 9-сабақ. Бірінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Ел тыныштығын күзеткен.

Грамматикалық тақырып: Сөйлемдегі логикалық, мағыналық қатынас түрлері

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

Егемендіктің қадір-қасиеті – жердің тұтастығы мен елдің тыныштығы. Осы асыл құндылықтарды Қарулы Күштеріміз күзетіп тұр. Бүгінде армиямыз – елдігіміздің берік қалқаны, Тәуелсіздігіміздің мызғымас тұғыры. Ұлттық мүддеге нұқсан келтіретін кез келген әрекетке тойтарыс бере алады. Қазақстан Республикасындағы барлық әскери Күштік құрылымдар сырттан келген қауіп-қатерге тойтарыс беруге әрдайым дайын.

Батыр бабаларымыз осынау кең байтақ жер үшін шайқасып, ұрпағына мирас етіп қалдырды. Отан үшін, ел мен жер үшін жанын пида еткен боздақтардың рухына тағзым етеміз.

Туған жердің шебін күзетіп, елдің тыныштығы мен тұтастығын сақтау – әрбір азаматтың қастерлі парызы. Елімізді қорғап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қасиетті борыш, жоғары жауапкершілік. Халқымыз береке мен бірліктің, татулық пен тұрақтылықтың арқасында алаңсыз ғұмыр кешуде. Шын мәнінде, осы бейбіт өмірдің өзінде батырлық пен ерлікке орын бар. Ерлік уақыт талғамайды. Себебі бұл қасиет отаншылдықтан бастау алады.

Қазақстан жер жүзіне бейбітшілікті жақтайтын және жауапкершілігі жоғары мемлекет ретінде танымал. Сондай-ақ экономикалық, гуманитарлық мүмкіндіктері ғана емес, әскери әлеуеті де мықты елге айналды.

Ел тыныштығын күзеткен тәртіп сақшыларының қызметі – абыройлы қызмет. Адам құқығын қорғау жолында еңбек етіп жүрген адамдар қаншама, елдің тыныштығын күзетіп, халықтың сенімінен шығу – асқан төзімділікті қажет етеді.

Армия – мемлекеттігіміздің мызғымас тірегі, тәуелсіздігіміздің кепілі.

Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

2-тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінде қандай сөздер жиі қайталанады? Жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

Жаттығу жұмысы.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Егемендіктің қадір-қасиеті не?
2. Қарулы Күштеріміз нені күзетеді ?
3. Әрбір азаматтың қастерлі парызы қандай?
4. Әскери Күштік құрылымдар қызметіне не жатады?
5. Қазақстан жер жүзіне қандай мемлекет ретінде танымал?
6. Мемлекеттігіміздің мызғымас тірегі, тәуелсіздігіміздің кепілі не?
7. Елімізді қорғап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қандай жауапкершілік?
8. Армия ұлттық мүддеге нұқсан келтіретін кез келген әрекетке тойтарыс бере алады ма?

5-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар даярлаңыз.

Сағадат Нұрмағамбетов. 1924 жылы Ақкөл ауылында ауылда дүниеге келген, даңқты батыр. Әскери қайраткер, армия генералы. Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, «Халық қаһарманы». Алматы, Астана, Донецк (Украина) қалаларының, Ақмола облысының, Ақкөл ауданының құрметті азаматы. Батырдың құрметіне ескерткіштер мен мемориалдық тақталар орнатылған, мұражайлар ашылған. Сондай мұражайдың бірі Ақкөл ауылында да бар. Мұражайдағы жәдігерлерді батырдың өзі ұсынған, мұнда батыр генералдың 200-ден астам құжаттары мен жеке заттары бар. Мұражай жәдігерлері (китель, шалбар, қалпақ, генерал погондары т.б. заттары) көрсетілген. Сондай-ақ, батырдың қаламынан шыққан естелік кітаптары да бар. Бұл кітаптарда сұрапыл қан майданда от кешкен батырдың соғыс уақытындағы отты жылдар туралы, қарулас майдангерлер жайлы естеліктері жазылған.

Белгілі Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» студиясы «Сағадат Нұрмағамбетов. Соңғы сұқбат» атты деректі фильм түсірді. Бұл фильм 2016 жылы Севастопольде өткен XII халықаралық кинофестивалінде «Үздік портреттік очерк» сыйлығын жеңіп алды.

С. Нұрмағамбетов отанымызға адал қызмет жасады, елін абыроймен қорғады, ел есінде мәңгі қалған тарихи тұлға, 89 жасында 2013 жылы Алматы қаласында қайтыс болды.

С. Нұрмағамбетов есімі еліміздің қалаларының көшелеріне, әскери оқу орындарына берілді.

9-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.